



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«04» _____ маусымы 2024ж.

Алматы қаласы

№ 02.1-26/138нқ

город Алматы

**Алматы қаласының тұрғындарына
медициналық-санитарлық алғашқы көмек
көрсететін медициналық ұйымдарға қызмет көрсету
аумағын бөлу туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 123-бабы 6-тармағының және 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру және халыққа қызмет көрсету аумақтарын қалыптастыру мақсатында, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) туралы Ережені басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік түріне қарамастан медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) ұйымдарының басшыларына:

1) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес аумақтарға қызмет көрсетуді бақылауға алу және қызмет көрсету аумақтарындағы МСАК ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету;

2) қол жетімділікті ескере отырып, аумақтық қызмет көрсету принципін қамтамасыз ету.

2. Басқарманың емдеу-профилактикалық қызмет және мониторинг, талдау, цифрландыру және мемлекеттік қызметтер бөлімі (Л.Т. Иманғалиева) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін барлық мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін.

3. «Алматы қаласының тұрғындарына медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдарға қызмет көрсету аумағын бөлу туралы» 2024 жылғы 20 наурыздағы №02.1-26/61нқ Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшының м.а.



Н. Иманғалиева